

Смагулов С.



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

**РОЭК ОӘБ мәжілісі аясындағы  
«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ  
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН  
ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» АТТЫ  
47-ШІ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**26-27 қаңтар 2017 жыл**

**4 КІТАП**

**МАТЕРИАЛЫ  
47-ОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ  
И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ УНИВЕРСИТЕТОВ»  
в рамках заседания УМО РУМС**

**26-27 января 2017 года**

**КНИГА 4**

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2017



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени аль-ФАРАБИ

---



РОӘК ОӘБ отырысы аясындағы  
«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ  
ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» атты  
47-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ

26-27 қаңтар 2017 жыл

4-кітап


МАТЕРИАЛЫ  
47-ой научно-методической конференции  
«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ  
И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ  
УНИВЕРСИТЕТОВ»  
в рамках заседания УМО РУМС

26-27 января 2017 года

Книга 4

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2017

*Handwritten signature*



Сурет 1. Жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін басқару механизмдері [2]

Жоғары білімі бар кадрларды даярлауға жұмыс берушілерді қатыстырудың дәстүрлі нысандарына соңғы жылдары жаңа түрлер мен әдістер қосылды. Жоғары оқу орындарының қарқынды бәсекесінің шарттарында тұтынушылармен байланыс орнату студенттің жоғары курсқа ауысуынан кейін емес, және тіпті, бұрындары болғандай, оқу орнын бітіргеннен кейін басталмайды. Ол студентті таңдауға дейін, мамандық шеңберінде жеке білім беру бағдарламалар жинағы қалыптасып, элитивті пәндердің құрылымы мен мазмұны таңдалғаннан бастап, оқу процесінің шеңберінде жалғасын тауып, одан кейінгі жұмыс берушілермен қалыпты байланыс негізінде жұмысқа орналасу және мансап мониторингіне ауысады. Мұның барлығы бүгінгі күннің өзінде білім беру бағдарламалары бойынша еңбек нарығының қажеттілігіне орай мамандарды жеке даярлаудың жүзеге асырылуына жол береді. Ал бұл өз кезегінде, білім сапасының артуының маңызды шарты болып саналады.

Әдебиеттер тізімі:

1.«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. 2012 жылғы 14 қаңтардағы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

2.Куликова О.В.Особенности инновационной модели высшего образования // Социологические науки. – 2014. - №6. – С.15-19.

Смағұлов С.

## ҰЛЫ ДАЛА БАТЫРЛАРЫНЫҢ ЕРЛІГІ ҮЛГІСІНДЕ ЖАСТАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІКЕ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан – ұлы істердің ұйытқысы болған Ұлы Дала елі. Бұл туралы 2015 жылы 11 қыркүйекте елордадағы Тәуелсіздік сарайында қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиында ҚР президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтты. «Құрметті ағайын, біздің қасиетті жерімізді ықылым замандардан бері Ұлы дала деп, ал бабаларымызды Ұлы даланың ұрпақтары деп атаған. Біз – солардың жалғасымыз. Ұлы даланың мұрагерлеріміз. Осынау кең-байтақ Ұлы даланың көгінде халқымыздың бақ жұлдызы болып, жаңа Қазақстан дүниеге келді. Біздің Қазақстанымыз ұлы істердің ұйытқысы болған Ұлы дала елі» [1] – деп аяқтады сөзін Елбасы. Шынында да, қазақ елі ұлы істердің ұйытқысы бола алды.

«Егемен болмай ел болмас» дегендей, біз азаттық жылдарында шын мәнінде ұлы жолдан өттік. Тәуелсіздік кезеңі – біз үшін ғасырларға таттың таламаң кезең. Әлемде қандай да бір халықтың өз мемлекетінің ресми атауымен бірге айрықша бейресми ұғымды пайдаланатын мысалдары көп. Біздің қасиетті жерімізді ежелден Ұлы Дала, ал біздерді – Ұлы Дала ұрпағы деп атады.

Біз жаңа мүмкіндіктері мен келісіктері бар жаңа Қазақстанды құрудамыз. Біздің Қазақстан – ол Ұлы дала Елі! Ол – түлеген Ұлы дала Елі. Біздің Отанымыздың халықтық аты да дәл осы. Ол біздің Отанымыздың өткенін де, қазіргісін де, болашағын да бейнелейді. Онда қазақтық мінез бен оның негізгі сипаттары көрініс тапқан. Олар – біздің жан-дүниеміздің ашықтығы мен кеңдігі, қонақжайлылық пен бейбітсүйгіштік, кеменгерлік пен ойшылдық, еңбексүйгіштік пен іскерлік.

Президент айтқандай, бәріміздің киелі атамекеніміз бар, ол – қазақтың Ұлы Даласы. Сол далада бабалардың ізгі аманатын орындау жолында біз құрған қасиетті Отанымыз бар. Ол – Тәуелсіз Қазақстан. Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз, мәңгі сақтауға тиіс аманатымыз. Қасиетті Отанымызда қандай қиындықты да



қайыспай қарсы алуға лайық өршіл рухты, азат ойлы, жасампаз халық бар. Ол – ержүрек қазақ халқы, барша қазақстандықтар. Сол қаһарман халықтың алға қойған ізгі мұраты бар. Ол – Ұлы дала төсінде өзі құрған мемлекетті Мәңгілік ел жасау.

«Ұлы Дала» ұғымы – баяғыдан бар ұғым. Дешті қыпшақ деген сөз қыпшақтың даласы деген сөз. Қлы дала ұғымына Алтайдан Қара теңізге дейінгі даланы атайтын болған. Оның негізгі аумағы – біздің қазақтың жері. Біздің даламызда кен де болған, темір де болған, қолонер де болған, бәрі болған», - деп атап өтті мемлекет басшысы.

Осы орайда президент мұндай ұғымның көптеген елдерде бар екендігін атап өтіп, жапондар күншығыс еліміз, қытайлықтар аспан асты еліміз, кәрістер таңғы шық еліміз деп санайтындығын мысалға келтірді.

«Бізде де сондай ұғыммен теңестіретін болсақ, бізге «Ұлы Дала еліміз» деп айтқан келеді. «Ұлы Дала» мен «Көк аспан» деп те айтуға болар еді. Кең дала – біздің жеріміз. Осы жерде біз тұрып жатырмыз, өсіп жатырмыз, өркендеп жатырмыз, ұрпақ асырап жатырмыз. Осы жерде мемлекетімізді құрып, оны шаңыраған биік қылып, көк тудың асына жиналып жатырмыз. Біздің байрағымыздың өзінде көк аспан, жарқыраған күн бейнеленген», - деді Елбасы.

Президент Қазақстан атауы бүгінгі күні барша әлем халқына танылған атау болып отырғандығын баса атап өтті. «Бірақ біз халықтың ішінде ұлы даланың ұрпағымыз десек, келіп тұрған сияқты. Ол халықтық атау болуы керек» [2], - деді Елбасы «Қазақстан» телеарнасына берген сұхбатында.

Қазақ тарихы бабаларымыздың салып кеткен ұлы жолдарының бірі. Сондықтан да оны қайта жандандыру өте орынды. Бабалар ерлігі ұрпаққа аманат. Бізге бабалар тұлпарының тұяғымен жазылған тарихымыздың әр парағы ерекше қымбат. Біз патриотизм туралы осындай ойларымызбен, ата-бабаларымызға деген ерен сый-құрметімізбен алда да зор табыстарға қол жеткізетін боламыз. Елбасының тарихы өте жақсы білетіні қызықтырады. Нағыз Қошбасшыға сай қасиет. Тарихымызды жаңғыртып, рухымызды осылай оятуымыз керек. Расымен Дешті Қыпшақ деген Қыпшақ даласы дегенді білдіреді. Сондықтан Ұлы дала Елі деген ауадан алынбағаны түсінікті. Өзімізді өзіміз Ұлы Елміз деп көтеруіміз керек. Өзінің туған елі үшін, оның тарихы үшін мақтана білу де –ерлік іс. Елбасы өте орынды айтты. Бұл атау арқылы бар әлем еліміздің кең әрі байтақ екенін білетін болады. Бұл атауда көп мағына жатыр. Шынымен рухымызды асқақтататын атау деп ойлаймыз. Ең бастысы бірлігіміз жарасып осындай атауға лайықты болуымыз керек.

Студент жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде біздің Ұлы Дала еліндегі ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ батырларының (мысалы, Шырақ, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Малайсары, Баян, Сырым, Исатай, Махамбет, Бауыржан Момышұлы, Төлеген Токтаров, Қайрат Рысқұлбеков және т.б.) ерліктерін, өз елі, халқы үшін аянбай атқарған істерін сабақтарда жан-жақты көрсетудің маңызы өте зор.

Ұлтшылдық, отаншылдық – елі, жері, отаны үшін жанқиярлыққа бару. Бұл табиғи сана. Сақ елінің жылқышысы Шырақ өз елін парсы жаулауынан сақтап қалу үшін өзін өлімге қиып, парсы қолын шолсейткен бастан кіріп, сусыз қырғынға ұшыратты. Сақ елінің әйел ханшасы Томирис парсы патшасы Кирдің басын сақ жерін жауламақ болғаны үшін алды. Көне түркілер елін, жерін қорғауда «Түн ұйықтамады, күндіз отырмады», Кенесары, Наурызбай да елі, жері үшін шейіт болған. 1986 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі де қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы күресі еді.

Сөйтін, әлемді тітіреткен Кирдің, Дарийдің, Македонскийдің жорықтары тығырыққа тіреліп, бірі алтын тәжді басын қалдырып, бірі тырағайлап каша жөнеліп, үшіншісі «бұларды жаулау мүмкін емес» деп кері бұрылуға мәжбүр болған. Көне заманда да, орта ғасырларда да парсы, грек, араб және т.б. елдерден, негізінен оңтүстік-батыс жақтан келген жаулаушылар Орта Азия аймағын басып алса да, ешқашан Сырдария өзенінен өтіп қазақ даласын жаулап ала алмаған. Бұл сол замандағы ұрпақтың бойында елге, жерге, Отанға деген терең сүйіспеншіліктің, махаббаттың күшті болғандығын көрсетеді.

Ұлы дала елінде әскери ерлік жоғары бағаланған, ал соғыста басқалардан гөрі «басты көбірек шауып, қан төккен» адам көшпелі мемлекетте жалпы құрметке бөленген. Шайқастағы жеке басының ерлігі және соғыс қимылдарына шебер басшылық еткені үшін құрметпен батыр (баһадүр) атағы берілген. Ұрыс алаңындағы ерекше көзге түскен жаужүректер, талай рет ерлік көрсеткендер толыбатыр, яғни «толық батыр» атағын немесе лауазымын алған, яғни ерлігі, табандылығы, күші шексіз адам аталған. Батыр деген сөз ержүрек адамның өз есіміне атақ ретінде қосып айтылған. Бұл құрметті атақты соғыстағы қасиеттері үшін қатардағы жауынгер болсын немесе қаны жағынан ханзада болсын, көшпелі қоғамның кез келген еркін мүшесінің алуына болатын еді. Батырлардың ерліктерін Ұлы даланың суырып салма жыршылары – ақын-жыраулар дәріптеп отырған [3].

Дешті Қыпшақ көшпелілерінің арасында «әсери шайқастар кезінде өмірін аямай, қауіп-қатерден қорықпайтын, алға ұмтылып, жауларын ойланып жатпай қыратын адамдар көп, сөйтін бұл жағдайда қорқақтардың өзіне де қанат бітіп, батырларға айналады», - деп хабарлайды ортағасырлық тарихи деректер [4].

Қазақ батырлары тарихымыздың әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Яғни олар ұлттық тұлғаға айналған. Бүгінде бейбіт елде өмір сүріп жатқан кең байтақ өлкемізді, құтты қоныс, ата мекенімізді ұлы жорықтарда батыр бабаларымыз білегінің күшімен, найзасының ұшымен қорғай жүріп бізге аманаттан қалдырды. Осы ерліктері мен еңбектері үшін халық оларды биікке көтерген, ардақтап, аттарын ұранға, аңызға айналдырған.

«Білім және мәдениет» телеарнасындағы «Ұлы дала батырлары» жобасында ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен батырлар туралы айтылады. Бұл түсірілімдерде қазақ халқын сыртқы жаулардан қорғаған ұлы дала батырларының ерліктері, қаһармандық



істері, батырлар институтының қалыптасу тарихы, қоғамдағы әлеуметтік топ ретіндегі ерекшеліктері, орны мен ролі деректер мен құжаттар, тарихшы ғалымдардың зерттеулері, халық ауыз әдебиеті, көркем суреттер, театрланған көріністер және т.б. көрнекі құралдар арқылы жан-жақты көрсетіледі. Оларға түсінік беруге тарихшы мамандар, әдебиетшілер тартылған. Олардың жастардың тарихи санасын көтеруде, отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеуде маңызы зор. Сонымен қатар, бұл түсірілімдерді көпшілік қызығушылықпен жиі көретінін өз ауыздарынан естіп жүрміз. Ал, ол өте оңды құбылыс, біз бұдан халықтың, әсіресе, жастардың өз елінің, оның ержүрек қаһарман ұлдарының тарихын жақсы білгісі келетіндігін байқаймыз.

Бұл кең байтақ жер, құтты қоныс, ата мекенді ұлы жорықтарда білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған батырлардың ерлігін бір ізге түсіріп, аңыз бен ақиқат аражігін ашып көрсетуді мақсат еткен жоба. Бағдарлама көркем қойылым, компьютерлік графикамен безендірілген. Сонымен қатар, батырлардың жекпе-жектегі ерлігі, тұлпар құлағында ойнаған шеберлігі көрсетіледі. Ал тарихи деректер бірнеше мәрте сүзгіден өтіп, нақтыланған. Онда ерлік пен батылдык, Отан қорғау, батыр бабаларымыздың даңқты жолы туралы әңгіме айтылады. Сондықтан мектепте болсын, жоғарғы оқу орнында болсын ұстаздар дәріс беру барысында оқушыларға осы бағдарламаны көріп, ондағы көрсетілген батырлар, олардың ерлік істері туралы ой-пікірлерін семинар сабақтарында сұрап-біліп, арнайы тоқталып отырғаны өте дұрыс болар еді.

Міне, жақында ғана «Нұр Отан» партиясының қолдауымен «Ұлы дала батырлары» фильмі түсіріліп, халыққа көрсетілді. Бұл фильмде Мәскеудегі 1941 жылғы соғыс майданындағы қазақстандықтардан Алматыда құралған 316-шы панфиловшы атқыштар дивизиясының 16-18 қараша күндеріндегі сол бір сұрапыл шайқаста көрсеткен ерлігі баяндалады. Арада 75 жыл өтсе де сол ұмытылмас ерен ерліктің жаңғырығы қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға, еліміздің бірлігі мен ынтымағын нығайтуға, халықты «Мәңгілік ел» идеясы аясында топтастыруға ықпалы зор.

Фильмнің тұсаукесері аясында Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен Мәскеу шайқасының әйгілі куәгерлерімен сұхбат өткізілді. Ұлы Отан соғысының ардагері Тамара Максимова сол алапат соғыстың қиын кезеңдеріндегі оқиғаларды еске алып, оларды мәңгілік есте қалдыру, ерліктерін қастерлеу баршаның парызы екенін атап өтті.

Талай боздақтың тағдырын жалмаған қан майдан алаңында, қақаған қыста ерлікпен шайқасқан батырларымыз жайлы жас ұрпақ әрқашанда білуі керек, сонымен қатар, бұндай шаралар жастардың патриоттық рухын көтеретінін есте ұстаған жөн. Бүгінде өткенді ұмытып кеткен сияқты ойлаушы едім, жоқ өткеніміз ұмытылмапты! «Нұр Отан» партиясының қолдауымен осындай әсерлі фильмдерді түсіріп, халыққа көрсету – бәрімізді қуантарлық іс. Бұл қадам тарихты біле отырып, өз Отанымызды қорғауға, Тәуелсіз еліміздің тұғырын нығайтуға үндейді, - деді Тамара Максимова [5].

Осы неміс-фашист басқыншыларынан Мәскеуді қорғау шайқасында қазақ жауынгерлері батыр бабаларының ұрпақтары екенін дәлелдеп, ерекше жанқиярлықпен жауға қарсы күресті, мысалы, талантты да дарынды және даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы, қатардағы жауынгер-автоматшы Төлеген Тоқтаров, саяси жетекші-офицерлер Мәлік Ғабдуллин, Рашит Жанғозин, саяси жетекші Ключков бастаған 28 панфиловшылар ерен ерліктің үлгісін көрсетті, ер-батыр атанды. Яғни, халық айтпақшы «Елін сүйген ер болар» деген осы. Батыр болып тумайды, батыр өмір сүрген ортасында шыңдалады.

Қорыта келгенде, Ұлы дала батырлары ерліктерінің үлгісі жастарды елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеудің аса маңызды факторларының бірі болып табылады. Қазақ батырларының ерлігі елге мұра, ұрпаққа ұран. Біз өз төл тарихымызды жастарға нақты және терең жеткізіп, батырларымызды көпшілікке танымал қылуымыз керек. Ол бүгінгі және ертеңгі ұрпағымызға үлгі болуы үшін қажет. Біздің міндетіміз ата-бабаларымыздан қалған бай мұраны сақтап қана қоймай, оны оскелен ұрпаққа кеңінен насихаттап, жеткізу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Біз – Ұлы Дала ұрпақтарымыз. 2015 ж. 11 қыркүйекте Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі. - Егемен Қазақстан, 12 қыркүйек 2016 ж.
2. <https://www.nur.kz/kk/888159-nazarbaev-qazaqstandy-uly-dala-eli-de-2.html>
3. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 2-том. – Алматы, 2010. 473-б.
4. Барборо и Контарини о России. К истории итало-русских связей в XV в. – Л., 1971. 146-б.
5. <http://nurotan.kz/kz/news/18756>.

Сулейменов П.М.

## ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі заман талабының сұраныстары мен өлшемдеріне сай келетін тұлғалық универсумды қалыптастыру. Қазіргі таңда Шығыс пен Батыстың, Еуропа мен Азияның мәдениетін сіңіруде, көптеген халықтардың тарихи тағдырларының торабында жатыр, қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің тұрақты, қуатты өзегі бар көп мәдениетті, көп конфессиялы мемлекет болып табылады. Қазақстан жаңа мың жылдықтағы білім беру міндеттерін шеше отырып, бір уақытта қазақстан халқының діліне және уақыттың рухына сай келер ұлттық білім беру үлгілерін қарастыруа. Шетелдік білім беру бағдарламалары мен жаңа технологиялар, білім берудің ұлттық үлгісі, өзіне әлемдік тәжірибені сіңіріп, әлемдік стандарттар мен нормативтерге жауап бере отырып, қазақ халқының ұлттық мінезін, оның сан ғасырлы еуразиялық бауырластығынан туған мәдени-тарихи ерекшелігін таныта отырып, өңделуі тиіс [1]. Қазақстан «базалық білім» ұғымын түбегейлі өзгертетін бала құқығы жайлы Конвенцияның және білім жөніндегі Бүкіл әлемдік декларацияның бағдарламалық тұрғыларына сүйенеді. Ертеректе ең алдымен ғылым негіздерін меңгеру мен сауаттылыққа көңіл бөлінсе,



✓ Смағұлов С. ҰЛЫ ДАЛА БАТЫРЛАРЫНЫҢ ЕРЛІГІ ҮЛГІСІНДЕ ЖАСТАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІКЕ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	257
Сулейменов П.М. ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	259
+ Тасилова Н.А., Ахметжанова А.Т. "ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ" КУРСЫН ОҚЫТУДА КӨРНЕКІЛІК ӘДІСТЕР МЕН ПӘНАРАЛЫҚ ТҮРҒЫЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	261
Тасыбекова З.Е., Тілеужанова Г.Т. ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСІМЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	265
Таусоғарова А.Қ., Исмаилова Н.А. МӘТІНДЕР КОРПУСЫН ҚҰРУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕМЕЛЕРІ.....	266
Ташкенбаева Б.Ж. ШЫҒЫС ТІЛДЕРІ МЕН ТАРИХЫНЫҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУШІЛІК БАҒЫТТЫ ДАМУДАҒЫ КІТАППЕН ҚАМТУ ЖОЛДАРЫ.....	268
Товма Н.А. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЛЕКЦИЙ И СЕМИНАРСКИХ ЗАНЯТИЙ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ.....	270
Тойғанбекова М.Ш., Наралиева Р.Т., Амирова М.Ж. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	272
Токкарина А. БАТЫС ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ ЖАПОН ИЕРОГЛИФТЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ.....	273
Торманов Н., Атанбаева Г.Қ.....	275
ЖАНУАРЛАР ФИЗИОЛОГИЯСЫ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІНІҢ АРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫН АШЫП КӨРСЕТУ ОҚУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	275
Төреханова Б., Мукашева Ж.У., Бекишева Р.М. «ӨЛЕҢ СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ».....	277
Тулеуханов С.Т., Аблайханова Н.Т., Кулбаева М.С., Швецова Е.В. МЕНЕДЖМЕНТ УНИВЕРСИТЕТА И ПРОБЛЕМЫ СОСТАВЛЕНИЯ РАСПИСАНИЯ УЧЕБНЫХ ЗАНЯТИЙ.....	280
Тұрғынбаев Е.М., Бейсеғұлова А.Қ. «ТАРИХИЛЫҚҚА ДЕЙІНГІ АДАМЗАТ ЭВОЛЮЦИЯСЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ АЛҒАШҚЫ ТҮРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	281
Умбетъярова Л.Б., Адилова М.Т., Даниярова А.А., Белходжаев А.А. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АМАЛДАР.....	282
Упербаева Р.У. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ПӘНІН ЖҮРГІЗУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	283
Усенбекова А.Е. ОДНА ИЗ АКТУАЛЬНЫХ ЗАДАЧ СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЫ: ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕЖПРЕДМЕТНЫХ СВЯЗЕЙ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ.....	285
Хамитова М.Н. САБАҚҚА «SMART» ӘДІСІ БОЙЫНША МАҚСАТ ҚОЮДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	286
Хибина Н.Н. ЖОО-НЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ КӘСІБИ ЖЕТІЛДІРУДІ ҮЛГІЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	289
Цой Ми Ок ИНТЕРАКТИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ КАК СОВРЕМЕННОЕ НАПРАВЛЕНИЕ АКТИВИЗАЦИИ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА.....	291
Шалгинбаева С.Х. ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ И ВОСПИТАТЕЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ ДИСЦИПЛИНЫ «ЭТНОГРАФИЯ НАРОДОВ МИРА».....	292
Шаратиева М.Д. ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТЫ ДАЯРЛАУДА ИННОВАЦИЯ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ БАЙЛАНЫСТЫРУ ӘДІСТЕРІ.....	294
Шыныбекова А.К. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУ ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ.....	296
Ыбырайымова С. С., Есмаханова Қ.Р., Таһеева С.Қ. ИНТЕГРАЛДЫ ТАРТЫМДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ.....	297
Ыдырыс Ә., Көшкімбаев Қ.С., Басығараев Ж.М., Аблайханова Н.Т. «ҚАЗІРГІ ЖАРАТЫСТАҢУ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ» ПӘНІНІҢ (БИОЛОГИЯ БАҒЫТЫ БОЙЫНША) МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	299